

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Экосын: пост-гуманизм, пост-табиғат





Мақсаты: Пиппа Марландтың «Экосын» эссесімен, ондағы экосынның дамуындағы үшінші және төртінші толқындармен және қазіргі заманғы экосыни теориямен танысу.

Тірек сөздер: экология, сын, табиғат, арал, пост-гуманизм.

Экокосмосаясат және үшінші толқын

Скот Словик пен Джони Адамсон 2009 жылы экосынның үшінші толқынының пайда болуы туралы анықтама беріп, үшінші толқын этникалық және ұлттық шегаралардан жоғары тұрған этникалық және ұлттық ерекшеліктерді мойындайды деп жазады. Басқаша айтқанда, экосын адамның әрекеттерінің барлық аспектілерін экологиялық тұрғыдан қарастырады. Кең мағынасында, экокосмосаясат парадигмасын сипаттайды. Урсул Хейстің «Орын сезімі және ғаламды сезіну: жаһанның экологиялық көрінісі» (2008) атты еңбегінде автор бұл құрылымның генезисін 1990 жылдары кең қолданыста болған «космополитизм» термині арқылы түсіндіреді. Бұл кезеңде теоретиктер «мәдени қиялдау мен түсіну белгілі бір елдің аясынан шығып, бүкіл әлемге таралуы» керек деп есептейді. Олар космополитизмді «детерриториализация» тұрғысынан қарап, «қоғамдар арасындағы өзара байланыс күн санап қарқынды дамып келеді, оның нәтижесінде мәдениеттің жаңа формалары пайда болуда. Енді мәдениеттер белгілі бір жерде шектеліп қалмауда» деп түсінді. Детерриториализацияның мәні мынада: экологиялық насихат жергілікті территориялармен (елдер, аймақтар) ғана емес, бүкіл ғаламды қамтитын территориялар және жүйелермен байланысты болуы керек.

Детерриториализация – әлемдік азаматтылықтың экологиялық өзгерісі

Жер-ана құқығы туралы Бүкіләлемдік декларациясы Бүкіләлемдік халықтардың бірлескен конференциясында 2010 жылы Кочабамбедегі (Боливия) климаттың өзгеруінің негізінде қабылданды. Декларацияда былай делінді: «Біз бәріміз – Жер-ананың бір бөлшегіміз, одан ажырамаймыз, өзара байланыстымыз, әрі тағдырымыз бір». Декларацияда жаһандық капитализмнің экологиялық зардаптарын анықтап, әлеуметтік және экологиялық әділеттілікті орната білуіміз керектігі жазылған.

Экологиялық әділеттілік қоршаған ортаға қатысты қолданылатын ұғым ретінде бүкіләлем халықтарының пікірлері мен түсініктерін біріктірді. Джони Адамсон 2006 жылғы Перудегі бас көтеру туралы айтады. Шараға жергілікті халықтар, экологтар және ғалымдар қатысып, Аусангат тауының бөктеріндегі таулы концессияға қарсы шықты. Ереуілшілер «таудың тіршілік етуге және қоршаған ортадағы басқа да таулармен белгілікті бір деңгейде қарым-қатынас жасауына толық құқылы» деп ұрандады.

Жаңа бірлестіктердің қалыптасуының тағы бір себебі – білдірмей зорлық көрсетудің диффузды салдары адамның және адам емес басқа да жаратылыстардың тәнінде көрінеді. Ол тіршілік атаулыны адам не басқа жаратылыстар деп ажыратпайды. Стейси Алаймо мен Съюзан Хекманның «Материалды феминизм» атты еңбегін басшылыққа ала отырып, Адамсон былай дейді: «Мәдени-табиғи тұрғыдан алғанда, мұнайдың қоршаған ортаға түсуінің салдары екіжақты екенін көреміз: оның зардабы мұнайды өндіруші жұмысшыларға да, сол мұнай өндірілетін жерде тіршілік ететін адамдар мен жануарларға да тиеді». Материяның дене немесе тән арқылы қозғалысы экосынның төртінші толқынын сипаттайды.

Төртінші толқын – материалды экосын: пост-гуманистік және пост-табиғи

Төртінші толқынды үшіншінің орнына келген, бірақ басқа толқындармен тығыз байланысты толқын деп білу керек. Әрине, төртінші толқын – материалды экосынның жаңа бағыты. Төртінші толқын тұжырымдамалары экофеминистік көзқарастарға, экологиялық әділеттіліктің адамның ағзасына тигізетін әсеріне сүйенді. Бұл идея феминистік бағыттағы ғалымдар мен теоретиктердің



еңбектерінде көрініс тапты, атап айтсақ, Карен Барад, Клэр Коулбрук, Стейси Алаймо және Сьюзан Хекман. Алаймо трансматериалдылықты – адамның тәні мен жануарлардың тәні арасындағы материалды өзара алмасу деп анықтайды. Трансматериалдылық адамның қоршаған ортамен өзара тығыз байланысына деген жаңа материалистік және пост-гуманистік сезімдерін қалыптастырды. Алаймо бұл байланысты анықтау үшін күрделі талдауларды (материалды, дискурсивті, табиғи, мәдени, биологиялық және мәтіндік) жүргізу қажет деп білді. Бұл жерде Алаймонның пікірі Боуно Латурдың «Біз ешқашан заманауи болған емеспіз» атты еңбегінде келтірілген пікірмен үйлескен. Латур әлемдер арасындағы, айталық ғылым мен саясат, табиғи мен әлеуметтілік арасындағы жалған айырмашылықтар адамның бұл әлемде тіршілік ету тәсілдерін дұрыс бағаламауға сеп болды деп жазады. Біздің материалды «меніміз» әрі экономикалық, әрі саяси, әрі мәдени, әрі ғылыми әрі субстанциалды болып саналатын желілерден бөлек бола алмайды. Олардың өзара қиылысын дұрыс түсіну үшін біз эпистемиологиялық және этикалық ұғымдарының мәнін жақсы білу керек. Алаймо былай дейді: «Адамның болмысының әлеммен материалды өзара байланысын түсіну, материалды әсер эпистемиологияны қажет ететінін мойындау этикалық және саяси көзқарастарды қалыптастырды. Бұл көзқарастар ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы «адами» және «биологиялық» ұғымдарын бөлек алып қарастырмауы керек деген көптеген реалийлерге қарсы тұра алады: экологиялық денсаулық, экологиялық әділеттілік және генді инженерия.

Пиппа Марланд материалды экосынның үш маңызды мәселелеріне кең тоқталады: біріншісі – адам және адамнан тыс әлем арасында жалпы материалды байланыс болады деген ұстаным адам мен қоршаған орта арасындағы айырмашылықты жояды; екіншіден, осы ортақ мәселелердің барлығы бір-біріне қатты әсер етеді; үшіншісі – этикалық және саяси ұстанымдар адам мен қоршаған орта арасындағы байланыс әрі күрделі, әрі икемді екендігін түсінуге мүмкіндіктер береді.

Жалпы материалдылық және постгуманизм

Жалпы материалдылық ұғымы ең алған рет экосында қалыптасып, постгуманизмнің кейбір экосыни анықтамаларын экологиялық тұрғыдан түсіндіруге негізделді. Постгуманизм – адамды децентрлады. Кэри Вульф «адам – жеке тұрса, ешкім де емес» деген ой айтады. Дәл осылайша Жак Деррида жануарларды да жеке тұрса, құндылығы мен бағасы жоқ екенін айтады. Оның ұсынған неологизмі – «анимот» (француз тіліндегі «animaux» – жануар және «mot» – сөз) сөздерінен алынған) адам мен жануарлар арасында семантикалық айырма бар деген тұжырымды толығымен жоққа шығарды, яғни адам баласы – жер бетінде өмір сүретін тіршілік атаулының бір түрі ғана. Негізінде, постгуманистік зерттеу бағыты бар, ол жануарларды зерттеп қоймай, адамға тән ішкі сезімдер, субъективтілік және құқықтарды жануарларға да қатысты қарап, бір экожүйеде өмір сүретін түрлер деп біледі. Тимоти Кларк биоцентристік тәсілдер антропоцентризмді бұрмалап тұр деп айыптайды. Ғалым Том Реганның еңбектеріне сүйене отырып, Галапагос аралындағы экологиялық реставрацияны мысал етеді. Галапагос арасында жабайы ешкілерді қоғамнан оқшаулап, экологтардың биоцентристік көзқарасына күмән келтірілген болатын. Кэри Вульф пост-гуманизмнің құлдырау себептерінің бірі – біз гуманист бола тұра, гуманизмнен эпистемиологиялық алшақтауға тырысуымыз деп көрсетеді.

Пост-гуманистік ой-тұжырымдар қызу талқылана бастағанда, Луизи Уэстлинг Дерриданың ұсынған анимот терминін пайдаланып, «постгуманизманимот» деген ұғымды қосты. Ғалым бұл ұғымды адам мен жануар арасындағы субъективтілік байланысты көрсету үшін қолданып, біздің «жердегі тіршілікке енуімізді» көрсетеді дейді. Уэстлинг ену арқылы біз әлемнің феноменологиялық сипатын ашамыз деп білді. Ол пост-гуманизманимот пен техно және киборг-гуманизм арасында айырма бар, киборг-гуманизмнің экосын үшін маңызы зор еместігін, себебі онда транадамның – идеалды, технологиялық адамның тұжырымдамасы қарастырылатынын айтады.

Серенелла Иовино адам мен адамнан тыс жаратылыстардың арасында жалпы материалдылық байланыс болады деп білді. Уэстлинг адам мен табиғаттың бинарлығын бір-бірінен ажыратып қарамайды.



Материяның ықпалы

Материалды экосынның екінші басты тақырыбы – материяның күшті ықпал ету құралы болып табылатыны туралы мәселе. Материя – адам мен қоршаған орта арасындағы байланыс иерархиялық емес, көлденең сипатта екенін көрсетеді. Материя – статикалық жаратылыстарға қатысты емес шығармашылық және өмірлік мәні бар күш. Диана Кул мен Саманта Фрост сезімі бар және сезімі жоқ жаратылыстар немесе материалды және рухани құбылыстар арасында айырмашылық болмайды деп білді.

Биосемиотикалық және экосемиотикалық перспективаларда философ және экосыншы Фенжи Уилер мен экофилософ Дэвил Абрам материяның әсерін көрсете алатын тәсілдің бірі – адамзат әлеміне өзіндік мән мен мағына үстейтін белгілерді қолдану деп көрсетті. Биосемиотикалық перспектива табиғат пен мәдениет арасындағы айырмашылықты айқындап берді. Бұл парадигмада мәдениет те, тіл сияқты біздің материалды өміріміздің туындысы деп түсіндіріледі. Уилер мәдениет пен табиғатты бір-бірімен тығыз байланысты, өзара тәуелді және өзара эволюцияланатын құбылыстар деп, ал Иовино табиғат пен мәдениет циркуляцияланып тұрған жүйе деп пайымдайды.

Иовино және басқа да зерттеушілер материалдылыққа тән қасиеттердің бірі – оның гибридтілігі деп білді. Айталық токсиндер мен генді инженерия арасындағы күрделі байланыс (Алаймоның айтуынша) адам және адамнан тыс байланыс сияқты, онтологиялық және этикалық дилеммаларды туындатқан. Бруно Латур адам мен технологияның үйлесімі өзара байланысты ықпал етуші күштерді қозғалысқа түсірді деп жазады. Адам және адамнан тыс жаратылыстар – актанттар бір-бірімен жаңа байланысқа түсіп, жаңа мақсаттарды, жаңа мүмкіндіктер мен жаңа әрекеттерді тудырды. Бірақ бұл жаңа әрекеттерді алдын ала болжап-білуге болмайды. Соның салдарынан девиантты әрекеттер туындап жатады.

«Заттардың билігі: этикалық қарсылықтар»

Джейн Беннет өзінің «Тірі материя: заттардың саяси экологиясы» атты еңбегінде материалдылықтың онтоархихылығы – күрделі өзара байланысты мәселе емес деп бағалайды. Адам мен адам емес жарытылыстар, биология мен саясат арасындағы күрделі байланыс «табиғат» секілді терең және әлеуметтік экология секілді жаңа терминді қалыптастырды. Заттардың билігі деген ұғымның мәнін түсіндіру үшін Роберт Салливан Манхеттеннің қала шетіндегі «Нью-Джерсидің қоқыс үйіндісін» сипаттап, олардың адамға тигізетін күшті әсерін айта келіп, токсинді элементтер бір-бірімен араласып, адамдар тұтынатын суға құйылады дейді. Қарап тұрсақ, бұл адамнан тыс экологиялық әсер. Соған қарамастан, оған адамның тікелей қатысы бар.

1-слайдта (<http://www.chrisjordan.com/gallery/midway/#about>) білдірмей зорлық көрсетудің қаншалықты кең таралғанын дәлелдейтін мысалдар келтірілген. Одан адам қолымен жасалған заттар әсер ету үшін жаңаша сипатта жұмсалып жатқанын көре аламыз. Суретші Крис Джордан: «Континенттен 3000 км қашықтықта аралдардың арасында орналасқан Мидуэй атолында адамдардың жаппай тұтынған қалдықтарынан (мәселен, альбатростардың мыңдаған өлі балапандарының ішектерінен) біз күтпеген аралшықтар пайда болуда. Құстар аралда шашылып қалған пластиктерді азық деп қателесіп, жеп қойып жатады. Соның кесірінен, балапандары өлі туылады немесе туыла сала, өліп қалады».

Иовин үшін трансматериалдылық гибридтілікке әкеп соқтырады. Гибридтілік адам мен адамнан тыс жаратылыстар арасында айырмашылық пен ұқсастықты жоққа шығарады. Феминистік ғылыми сыншы Карен Барад «постгуманистік перформативтілік» терминін қолданысқа ендіреді. Термин постадами үдеріс адам/адам емес дуализмінің орнын алмастыру үшін пайдаланылған. Бұл термин теориялық экосынды күрделі онтологиялық, эпистемиологиялық және этикалық салдардың өзара байланысы арқылы зерттеудің тамаша мысалы бола алады. Джейн Беннет «онтоархих экологияға адамдардың араласпауы керектігін ерекше ескертеді» деп пайымдайды. Кейбір теоретиктер теорияның экологиялық мәселелерді



шешуде мүмкіндігі төмен екенін айтып-бағуда. Джон М. Мейер өзінің 2001 жылғы «Саяси табиғат: экология және батыстық пікірлердің интерпретациясы» атты еңбегінде теоретиктер мен жазушы-экологтардың жаңа «дүниетанымды» қалыптастыруға талпыныстарын популистік сипатта әрі орынсыз деп сынады. Ханнес Бергхаллер өзінің «Кибернетика теориясы және әлеуметтік жүйелер» атты эссесінде Никлас Луманның әлеуметтік жүйелер мен кибернетика теориясына арналған еңбегін негізге ала отырып, қазіргі замандағы адамзат қоғамы аутопэтикалық функционалды бірліктерге (құқық, саясат, ғылым, дін және экономика) іштей жіктелетіні, олардың әрқайсысы өзіндік белгілерге ие болып, бірі екіншісіз әрекет ете алмайтынын жазады. Экосын қоғамды өзгерте алмайтынын, бірақ табиғатты зерттеу керектігін және оған практикалық ықпал ету аясын шектеу керектігін мойындайды. Тимоти Мортон «саяси радикализмдерден» алшақтап, климаттың нашарлануы дағдарысының салдарынан жаңа формаларды қалыптастыруға тырысады. Бірақ күрделі және қатыгез теориялық радикализмді қолданып, өзіміздің қай жерде тұрғанымызды анықтауға мүмкіндік беретінін әрдайым естен шығармауды ұсынады. Экосын жерге қатысты зерттеулер төңірегінде әртүрлі ұстанымдар мен доктриналарға міндетті түрде сынмен қарау керектігін де естен шығармау керек.

Экосынның болашағы – үмітсіздік, ауытқу және баяу түсіну. Өзінің аз ғана даму тарихында экосын табиғат туралы ғылыми әдебиеттердің сыни емес көзқарастардан алшақтады. Әдебиеттер мен қоршаған ортаны зерттеу бойынша ассоциациялар қазіргі таңда әлем бойында 10 серіктестік ұйымға жеткен. Әлі де ұйымдар мен бірлестіктер ашу көзделуде, экосыни және экологиялық журналдарды көбейту жоспардануда (мәселен, «Экоаймақ», «Экосын бойынша журнал», «Экосын мен экосынның салаларын зерттеу бойынша үнділік журнал», «Әдебиет пен қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша пәнаралық зерттеулер», «Жасыл әдебиет» т.б.). Экосын халықаралық конференцияларда негізгі әрі өзекті талқылау тақырыбына айналууда. Демек, экосын әлі де алға қарай дамып келе жатқан ғылыми бағыт болып саналады.

«Экосын бойынша журналдардың» көптеген сандарында экосын туралы пікірлер алмасып отырады. Соның нәтижесінде экосынның болашағы туралы екі жақты көзқарастар қалыптасқан. Уильям Мейджор мен Эндрю МакМурри біздің биологиялық түріміздің «күрделі және ұзақ-сонар эндшпили» (аяғы) туралы өткір оптимизм жайлы сөз етеді. Олар өз жұмыстарының құндылығына өздері күмән келтіреді. Әрине, референтті қайта қалпына келтіру бойынша бастапқы миссия – қарсылыққа тап болды. Соған қарамастан, жоғарыдағы ғалымдар болашақтың күрделілігі мен қиындығына қарамастан, әлі де болса, алға жылжитынын айтады. «Бәрібір ешқандай амалымыз жоқ!» – дейді олар.

Роман Бартош пен Грег Гаррар жоғарыдағы ғалымдарға қарағанда, оптимистік көзқарасты ұстанады. Олар Мейджор мен МакМуридің «апокалипсизмін» – қауіпті, болашағы белгісіз болашақ» деп бағалап, экологиялық мәселелерді шешуде асығыстық жасамау керек деп пайымдайды: «Біздіңше, экосынның қосқан үлесі сол – бізді әлем, табиғат және адами жануарлардың орны туралы үздіксіз ойлануға мәжбүрлеуі». Өзінің әдіснамасы ретінде экосын әдебиеттің әлсіз, нәзік қырын пайдаланады. Тимоти Мортонның ойынша, адам баласы ойлауды баяулату керек, сөйтіп қоршаған ортадағы апатты жағдайлардан зардап шеккен тіршілік иелері мен табиғаттың күйіне ерекше ден қою керек.

Соңғы онжылдықта экосын сыни теориямен байланысты қарсы пікірлерге жауап беруге қабілеттенді. Ол «экологиялықты» гуманитарлы ғылымдардың басты міндеті деп түсінеді. Бартош пен Гаррардың экологиялық тәжірибені құру үшін жаңа парадигмаларды ірі масштабты деңгейде қолданатын уақыт келді деген пікірінің дұрыстығы барған сайын дәлелденіп келеді. Бұл біздің қоршаған әлемді әртүрлі қырынан көріп қоймай, оған ықпал ету тәсілдерін түсінуге мүмкіндік береді.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Экосынның дамуының үшінші және төртінші толқындарын қалай сипаттауға болады?
2. Сіздіңше экосынның практикалық мәні неде?



Эдэблеттер

1. Slovic Scott. Editor's Note. – Interdisciplinary Studies in Literature and Environment. – 2012 19.3 (Summer).
2. Heise Ursula K. Sense of Place and Sense of Planet: The Environmental Imagination of the Global. – Oxford: Oxford University Press, 2008.
3. <<http://pwccc.wordpress.com/programa/>>).
4. Adamson Joni. Indigenous Literatures, Multinaturalism, and Avatar: The Emergence of Indigenous Cosmopolitics. – American Literary History. – 2012. – 24.1.
5. Alaimo Stacy. States of Suspension: Trans-corporeality at Sea. – Interdisciplinary Studies in Literature and Environment. – 2012. – 19.3.
6. Alaimo Stacy. Trans-corporeal Feminisms and the Ethical Space of Nature//Material Feminisms. Eds. Stacy Alaimo and Susan Hekman. – Bloomington, IN: Indiana University Press, 2008.
7. Wolfe Cary. Ed. Zoontologies: The Question of the Animal. – Minneapolis, MN: University of Minnesota Press, 2003.
8. Derrida Jacques and David Wills. The Animal that Therefore I am (More to Follow). – Critical Inquiry. – 2002. – 28.2.
9. Clark Timothy. The Cambridge Introduction to Literature and the Environment. – Cambridge: Cambridge University Press, 2011.
10. Wolfe Cary. Animal Rites: American Culture, the Discourse of Species, and Posthumanist Theory. – Chicago: University of Chicago Press, 2003
11. Westling Louise. Literature, the Environment and the Question of the Posthuman//Nature in Literary and Cultural Studies: Transatlantic Conversations on Ecocriticism. – Amsterdam: Rodopi, 2006.
12. Iovino Serenella. Material Ecocriticism. Matter, Text, and Posthuman Ethics//Literature, Ecology, Ethics. – Heidelberg: Winter Verlag, 2012.
13. Coole Diana, Samantha Frost. Eds. New Materialisms: Ontology, Agency, and Politics. – Durham, NC: Duke University Press, 2010.
14. Wheeler Wendy. The Whole Creature: Complexity, Biosemiotics and the Evolution of Culture. – London: Lawrence and Wishart, 2006.
15. Abram David. Becoming Animal: An Earthly Cosmology. – New York: Pantheon Books, 2010.
16. Latour Bruno. Pandora's Hope: Essays on the Reality of Science Studies. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1999.
17. Bennett Jane. Vibrant Matter: a Political Ecology of Things. – Durham, NC and London: Duke University Press, 2010.
18. Barad Karen. Posthumanist Performativity: Towards an Understanding of How Matter Comes to Matter//Material Feminisms. – Bloomington, IN: Indiana University Press, 2008.
19. Wolfe Cary. What is Posthumanism? – Minneapolis, MN: University of Minnesota Press, 2010.
20. Meyer John M. Political Nature: Environmentalism and the Interpretation of Western Thought. – Massachusetts: MIT Press, 2001.
21. Bergthaller Hannes. Cybernetics and Social Systems Theory//Ecocritical Theory: New European Approaches. – Charlottesville and London: University of Virginia Press, 2011.
22. Morton Timothy. The Ecological Thought. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 2010.
23. Major William, Andrew McMurry. Introduction: The Function of Ecocriticism; or, Ecocriticism. WhatIsItGoodFor? – TheJournalofEcocriticism. – 2012. – 4.2.
24. Bartosch Roman, Greg Garrard. The Function of Criticism: A Response to William Major and Andrew McMurray's Editorial. – Journal of Ecocriticism. – 2013. – 5.1.